

## 9-апта. Роман: жанрлық мәні

Әдебиеттегі соңғы екі-үш ғасырдағы жетекші жанрдың бірі – роман. Жазушы ой-толғаныстарының пәні. Қазір жұмбаққа айналғандығы. Романның тарихи тағдыры мен болашағы туралы пікірлер қайшылығы. Т. Манн романды көркем әдебиеттің монументальді түрі десе, О. Мандельштам романның жойылуы туралы «Конец романа» 1922ж. мақала жазды. Романның психологизациясы және сыртқы оқиғалық бастаудың әлсіреуін ақын романың қирауы деп түсінуі. Класицизм эстетикасында роман төменгі жанр деп есептелуі (геройдың ұсақтығы романға тән деп түсіну және шашыраңқылық оның айрылмас досы деп), ал романтизм дәуірінде романға мәртебе берілуі. Шлегель, Жан-Поль, Шеллинг, Гегель. Белинский романды жеке өмірдің эпосы деп атауы. Роман мен повесті жетекші деп табуы.

Романның бірегей концепциясын М. М. Бахтин қалыптастырғандығы. XVIII ғ. Г. Филдинг пен К. Виланд еңбегіне сүйенеді. «Эпос және роман» (1941) деген мақаласында роман кейіпкерінің дайын қалыпта емес, өсу, қалыптасуы үстінде бейнеленуі жайлы тұжырымы. Бахтинше, роман адамның жеке әлеуетін көрсетуі қажеттігі. Роман адам өмірін динамикада көрсететіндігі. Кейіпкердің ортамен келіспеуі, көңілі толмауы. Тұлға туралы Пушкин пайымы. Кейіпкердің ортадан оқшалануы, демонизм тән еркіндік, шындық өмірге сыйымсыздық, рухани еркіндікті аңсауы. Апулейдің «Алтын есегі», ортағасырлық рыцарлық романдардың осы тектес болғандығы. Стендальдың Жюльен Сорелі. Раскольников пен Иван Карамазов. Олар тек өздеріне сенеді. Романдағы ең басты доминант бахтинше, кейіпкердің социумнан алшақтауы (отчуждение). Романға тән сипат тоқтап қалмау, дүниетаным бейнеленуі, оның алғашқы сөзі де, соңғысы да айтылмауы. Скептицизм мен релятивизм қосындысы. Бахтинше, роман жаңа, күрделі тұлғаның сатылап өсуін көрсетеді деуі. Венгер ғалымы Д. Лукач роман жанрын құдайсыз дүние эпопеясы деп атауы. Роман кейіпкерінің психологиясы-демондық, шығарма сипаты – иронияға толы деуі. Бірақ, романның оқшаулануға, демонизмге қарсы тұруы. Жаңа ғасыр романы адамды екі кейіпте тұлғалады: адамның асқақтығы және адасуы, жеңілістері. Мысалы: Онегин мен Печорин (мансап) өкініштері. Иван Карамазовтың ұяттан өле жаздап, ауруға душар болуы. Наташа Ростова сияқты асқақ кейіпкерлердің болуы. Адал адамдар бейнесі. Өмірді сүйетін кейіпкерлер. Тема Дома. Дж. Голсуорси «Сага в Форсайтах», Шолохов «Тынық Дон». Идиллия жанры: Жан-Поль «Юлия, или Новая Элиоза». Роман ұлттық-тарихи масштабта. Роман-притч, роман-житие. Романның сатиралық сипаты. Мифологиялық, роман-эссе, роман-трагедия. Роман-синтетикалық жанр. Роман түрлерінің тууы. Бүгінгі роман өзегі - ірі

характерлер тартысы мен драмалық қақтығыстар. Х.Есенжановтың “Ақ жайық” романындағы Хакім Жүнісов бейнесі. Түр жаңалығы - роман-репортаж (Т.Әлімқұлов “Ақбоз ат”). Т.Ахтанов “Махаббат мұңы” лирикалық повесіндегі Ләззат образы. Документальды роман (Ә.Шәріпов “Партизан қызы”). Замандастың жиынтықты әлеуметтік-психологиялық типтерінің аздығы (Е.Лизунова). Роман – күнделік, новеллалы роман тууы. Романның әлеуметтік мәнінің тереңдеуі. Жаңа мазмұн, ұлттық түр алуы.- 1 сағат.